

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
17.11.2021 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 17.11.2021 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау органдары, прокуратура және сот арасында өкілеттіктердің және жауапкершілік аймақтарының аражігін ажырата отырып, үш буынды модельді енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Бұл мәселе бойынша да сөз депутат Раззақ Нәзилә Раззақбайқызына беріледі.

РАЗЗАҚ Н.Р. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау органдары, прокуратура және сот арасында өкілеттіктердің және жауапкершілік аймақтарының аражігін ажырата отырып, үш буынды модельді енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын Үкімет әзірлеп, Мәжіліс қарауына енгізді.

Заң жобасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың құқық қорғау органдары, прокуратура және сот арасында сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында өкілеттіктердің және жауапкершілік аймақтарының аражігін ажырата отырып, үш буынды модельді енгізу туралы, сондай-ақ қылмыстық істерге қатысты айыптау актілерін дайындау бойынша прокурорлардың құзыретін кезең-кезеңімен кеңейту жөніндегі тапсырмаларын іске асыруға бағытталған.

Осыған байланысты қылмыстық процестің жаңа моделі халықаралық стандартқа сай «полиция – прокуратура – сот» негізінде құрылады. Ол бойынша полиция – қылмыстарды ашып оған қатысы бар адамдарды анықтайды, прокурор – жиналған дерекке тәуелсіз баға береді, ал сот – істерді қарап, әділ шешім шығарады.

Сонымен бірге заң жобасы қылмыстық іс жүргізу заңнамасын реттейді, құжаттардың санын қысқартуды көздейді.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері оң қорытындыларын берді.

Заң жобасы бойынша Жоғарғы Сот, Әділет министрлігі, Бас прокуратура, басқа да мүдделі мемлекеттік органдар мен ведомстволар,

қоғамдық және ғылыми ұйымдар өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының тоғыз отырысы өткізілді.

Салыстырма кесте 49 қабылданған позициядан тұрады.

Сондықтан, құрметті әріптестер, заң жобасын екінші оқылымда мақұлдап, Парламент Сенатының қарауына жолдауды ұсынамыз.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бас комитеттен осы заң жобасы бойынша бір ғана ұсыныс түсті, оны жаңа ғана Назилә Раззақбайқызы бізге жеткізді, ол – заң жобасын екінші оқылымда мақұлдау. Басқа пікірлеріңіз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 99, «жақтағандар» – 99. Қаулы қабылданды.



*Дұрыс! Құжаттамашымен құжаттаманың ету бағдарының сектор меңгерушісі Шайф Н. Шайтанбаев.*